



ДӘРІС ТАҚЫРЫБЫ: “ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН”

Нұран Д.Н. әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының аға оқытушысы

- Отбасы – белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық (жүріс-тұрыс), құқық және міндеттер үлгілерімен, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып саналады.
- Отбасы – некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ.



- Неке отбасындағы қатынастарды қалыптастырушы болып табылады.
- Неке – отбасының заң жүзіндегі негізі, әйел мен еркектің өзара түсінісу, еріктілігі негізінде құрылатын одағы, адамның әлеуметтік-табиғи, сонымен қатар материалдық және рухани өмір қажеттілігі.



ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ:

- халықтың ұдайы өсіп-өнуі, яғни дүниеге нәресте әкелу;
- балаларды асырап сақтау (экзистенциалды);
- балаларды тәрбиелеу (әлеуметтендіру).



ОТБАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПІ

- Ең кең тараған түрі – нуклеарлық немесе ерлі-зайыптылық отбасы. Оның негізін ерлі-зайыптылар мен олардың балалары құрайды.
- Туыстық тұрғыдан жақын жанұялар. Мұнда ерлі-зайыптылар өз балаларымен, ата-аналарымен және бауырларымен бірге тұрады.



ОТБАСЫНДАҒЫ БИЛІКТІ БӨЛУ, ЛИДЕРЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮРІ

- Авторитарлық немесе дәстүрлі отбасы; илік жасы үлкен ер адамның қолында болады.
- Эгалитарлы немесе демократиялық отбасы; Бұл отбасына мынадай белгілер тән: үй шаруасына қатысты міндеттердің әділ бөлінуі; ерлі-зайыптылардың тұрмыстық мәселелерді шешуде бірігіп шешім қабылдауы; демалыстарын бірге өткізіп, бала тәрбиесіне бірдей қатысуы.



ОТБАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІНЕ ҚАРАЙ:

1. Гомогамдық отбасы – мүшелерінің ұлты, жас мөлшері, білімі біртектес болады.
2. Гетерогамдық отбасында бұл көрсеткіштер әр түрлі келеді.



ОТБАСЫ ТҰРҒАН МЕКЕН-ЖАЙЫНА ЖІКТЕЛУІ

Патрилокалды.

Патрилокалды отбасында жас жұбайлар күйеуінің әкесінің үйінде тұрады,

Матрилокалды.

Матрилокалды отбасында келіншек пен күйеу жігіт әйелдің ата-анасының үйінде тұрады.

- Эванклюдолокалдык отбасы ерлі-зайыптылардың ағасының немесе әпкесінің жанұясымен бірге тұруымен сипатталады.

- Егер жас жұбайлар ата-аналарынан мүлдем бөлек тұрса, оны неолокалды отбасы дейді.



ҚҰРАМЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

- Моногамияда бір ер адам бір ғана әйелмен некеде тұрады. Бұл түр ерлі-зайыптылықтың ең өркениетті түрі болып табылады.
- Полигамия –бұл жұбайлардың, бірінің яғни бір әйелдің бірнеше ер адаммен немесе бір ер адамның бірнеше әйелмен некеде болуы. Теориялық жағынан алғанда полигамияның үш түрі болады. Оның біріншісі – топтық неке деп аталады (Маркиз аралдарында). Мұнда бірнеше еркек пен бірнеше әйел бір мезгілде некелік қатынаста болады.



Полиандрия және полигиниялық неке

- Полиандрия – бір әйелдің бірнеше еркегінің болуы;
- Полигиния – бір еркектің бірнеше әйелінің болуы.

